

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы « 21 » қарашадағы
№ 717 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 25, 260-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларында:

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.»;

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын;»;

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кедендік декларациялау аяқталғаннан кейін мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсіміне сәйкес мәлімделген тауарларға арналған декларация;»;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тәркіленген мүлікті, заттай айғақтарды, сондай-ақ бұрын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға беру мүлікті сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушілердің қатысуымен, уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның тізімдеу актісін жасай отырып, мынадай мерзімде:

сот орындаушыларынан – «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде;

мүлікті алып қойған органдардан – заңды күшіне енген тиісті сот актісін алған күннен бастап екі ай ішінде;

мүлікті беретін тұлғадан (декларант) – кедендік декларация тіркелген күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылады.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қазақстан Республикасындағы әскери-көлік міндеттілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 747 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 30, 388-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әскери-көлік міндеттілігі туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бейбіт уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде жұмылдыру тапсырмасына сәйкес Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамына беруге олардың техникалық жай-күйі мен әзірлігін тексеру үшін жеке көлік құралдарын қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамына беруге арналған көлік құралдарын оқу-жаттығуға, арнайы және тексеру жиындарына тартады.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

6-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.».

3. «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 959 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 54, 537-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүлікті жария етуді өткізу жөніндегі комиссияны құру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Комиссия жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кірістер органдарының, сәулет және қала құрылысы органдарының, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның, өртке қарсы қызмет, санитариялық-

эпидемиологиялық қадағалау және бақылау органдарының, қоршаған ортаны қорғау органдарының және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдардың және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдарының лауазымды адамдарынан қалыптастырылады.».

4. «Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау критерийлерінің белгілерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1484 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1435 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 88-89, 735-құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы қаулы 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың екінші, үшінші, алтыншы, жетінші, он үшінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қыркыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, жүз он бесінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.».

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы « 21 » қарашадағы
№ 717 қаулысына
1-қосымша

Жекелеген негіздер бойынша
мемлекет меншігіне айналдырылған
(түскен) мүлікті есепке алу, сақтау,
бағалау және одан әрі пайдалану
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актісі

20__ ж. «__» _____
(жасалған күні)

_____ (акт жасалған жер)

Мына құрамдағы комиссия:
Уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) өкілі

(уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)

(жауапты қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Сот орындаушысы

(әділет органының атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өкілі

(Мүлікті беретін адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мүлікті алып қойған (беретін) органның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)

(қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өкілі _____

(мүлік жауапты уақытша сақтауында орналасқан ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)

(қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өкілі _____

(мүлікті қабылдаушы ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)

(қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бағалаушы

(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, лицензияның күні және нөмірі)

(мүлікті бағалауды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мекенжайы, ЖСН/БСН, лицензияның күні және нөмірі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидасының негізінде

(мүліктің бұрынғы иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН немесе ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)

сот актілерінің негізінде тәркіленген (оның ішінде заттай айғақтар)

(соттың атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, сот шешімінің нөмірі, күні)

немесе иесіз деп танылған

(соттың атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, сот шешімінің нөмірі, күні)

(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН немесе мүлікті берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН)

немесе мемлекет меншігіне өтеусіз өткен

(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН немесе мүлікті берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН) мүлікті, оның ішінде

(кеден органының атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, тауарларға арналған кедендік декларацияның күні мен нөмірі) кедендік декларацияға сәйкес «мемлекет пайдасына бас тарту» кедендік рәсімімен орналастырылған, немесе

(нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН, куәлігінің нөмірі, күні) нотариустың куәлігіне сәйкес мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен деп танылған тауарлар мен көлік құралдарын, сыйлықтарды, сондай-ақ

(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН немесе мүлікті берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН) құны мемлекет кірісіне түсетін мемлекеттік меншік құқығының туындағанын растайтын өзге де құжаттардың негізінде аталған мүлікті тізімдеуді және қабылдап алуды жүргізді

Мүлікті тізімдеу және бағалау

Р/с №	Әрбір зат толық сипатталған мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Мүлікті кезінде алдын ала бағалау, теңге*	қабылдау бірлігін бағалау,	Барлық сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	6
	Жиыны					

Жиыны (жазумен):

Бюджетке аударуға жататын жиыны

Осы акт ____ данада жасалды.

Комиссия мүшелері:

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(бағалаушы сарапшының қолы және мөрі (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)))

ж. «__» _____

Иесінің қолы _____

Осы актіде көрсетілген мүлікті жауапты сақтауға қабылдап алдым. Сақтауға қабылданған мүліктің жойылуы, жасырылуы, жоғалуы, ауыстырылуы немесе бүлінуі үшін 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 425-бабы бойынша қылмыстық және материалдық жауапкершілік туралы ескертілді.

ж. «__» _____

(қолы)

(ұйымның атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы немесе мүлікті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

* Бұл баған егер мүлікті уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) беруші ұйым алдын ала бағалау жүргізген жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы « 21 » қарашадағы
№ 717 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Бас тарту режимінде мемлекеттің пайдасына тәркіленген және ресімделген этил спирті мен алкоголь өнімін пайдаланудың, қайта өңдеудің немесе жоюдың тәртібін бекіту тәртібі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі № 1336 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 45, 413-415-құжаттар).

2. «Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қолдануға құқылы қару-жарақ пен арнайы құралдардың нормалары мен тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 ақпандағы № 163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 4, 56-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 4, 56-құжат).
